

**2023 жылғы 30 шілдедегі жоспардан тыс педагогикалық
кеңес отырысының хаттамасы**

Өткізу күні: 30.07.2023 жылғы

Қатысқандар саны: 34 педагог

Қатыспағандар саны: жоқ

Тақырыбы: Павлодар облысы білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласы № 46 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бақылауы бойынша қорытынды.

Мақсаты: №46 сәбилер бақшасының оқыту сапасын арттыру негізінде ұйымның қызметіне объективті талдау беру және бағалау бойынша қорытынды жасау.

Күні тәртібі:

1.2020-2023 оқу жылдарының жұмыс кезеңіндегі мектепке дейінгі ұйымның қызметіне бақылау өткізуінің қорытындысы.

Осы сұрақ бойынша мектепке дейінгі ұйымның басшысы Д.Т.Гарифуллина сөз алды. Ол өзінің бағалау бойынша қорытындысын баяндады. Қорытынды бойынша білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер болды. Бағалаудың қосымшаларында көрсетілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде есеп жасалды.

Басшы Д.Т.Гарифуллина кадрлық құрамға талдау жасады, мектепке дейінгі ұйым штаттық кестесіне сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған.

Педагогтардың құрамы бойынша, аттестаттаудан өту және қайта даярлау курстық дайындықтан өту бойынша үш жылдың салыстырмалы көрсеткішін атап өтті.

Педагогикалық құрам тұрақты емес, себебі жыл сайын бала күтіміне кеткен педагогтар саны басым болды.

Балабақшада мемлекеттік тапсырыс беру 350 баланы құрайды, 12 топ жұмыс істейді. Әдіскер С.Б.Айтбаева әдістемелік көрсеткіштің жоғары екенін атап өтті. Жылдық жоспардың міндеттерін орындау және жүзеге асыру әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы шешілді: педагогикалық кеңестер, педагогикалық сағаттар, шеберлік сыныптар, семинарлар және т.б.

Әдіскер есеп беру материалдарын жүйелендіріп, қосымшаларға сәйкес өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша есеп, тәрбиеленушілердің, педагогтардың жетістіктері қорытындылап, үлгілік оқу жоспарын дайындады.

Перспективалық жоспарлау, циклограмма, мониторинг ҚР Білім Министірінің 31.08.2022 жылғы №385 бұйрығына, 2023 жылғы мониторинг өткізу туралы әдістемелік ұсынымдар, 2022-2023 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хат, 2022 жылғы №422 тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Жүргізілген мониторинг зерттеулер білім берудің әртүрлі жақтарын талдау құралы ретінде тиімді болып табылады.

Балабақшада инклюзивті ерекше білімді қажет ететін балалар жоқ. Логопед және психолог жұмыстары зерделенді.

Педагогтар оқу нәтижелерін бағалау үшін барлық қажетті материалдарды ұсынды.

Есепші Г.С.Байпакова материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алған құжаттарды әзірледі.

Шешімі:

1. 2020-2023 оқу жылдарының жұмыс кезеңіндегі мектепке дейінгі мекеменің қызметіне толық талдау өткізілді.
2. Балалардың білім, білік және дағдыларды игеруін бақылауы көрсеткендей, педагогтар танымдық, денсаулық, әлеуметтік, шығармашылық, тілді еркін дамытуға бағытталған түрлі құралдар мен балаларды тарту және шоғырландыру әдістерін қолданады.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жолында қызығушылық тудыратын жеңіл және ойын әрекеттері басым орын алсын.
4. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 46 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі аттестаттау қорытындысы толық көлемде өткізілді.

Педкеңес төрайымы басшы:

Хатшы:



Д.Т.Гарифуллина

Г.С.Нурахметова